


Фурманов көшесі: өткені мен бүгіні



Орындаған: *Әбілдос Р.Ә.*

Серікқалиев Ә.С.

Түменбай Ы.Н.

Абдыгазиз Ғ.С.

Тексерген: *Төлебаев Т.Ә.*

Жоспары:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлімі:

2.1. Фурманов көшесінің тарихнамасы және қысқаша мәлімет.

2.2. Фурманов деген кім?

III. Қорытынды.

Фурманов көшесінің тарихнамасы және қысқаша мәлімет.

- Көшеге орыс жазушысы, Чапаевтың 25-атқыштар дивизиясының комиссары .
Дмитрий Андреевич Фурмановтың есімі 1956 жылы берілген. Фурманов Дмитрий Андреевич (1891-1926) Ресейдің Кострома губерниясының Серета селосында (қазіргі Иваново облысындағы Фурманов қаласы) дүниеге келген. Ол - «Бүлік», «Чапаев» романдарының авторы.
- Көше Жетісу, Алмалы, Бостандық аудандарында орналасқан. Райымбек даңғылынан басталып, Таулы қыраттағы Қажымұқан көшесіне дейін созылып жатыр. Төле би, Тимирязев Мәметов, Молдағұлов, Мақатаев, Қазыбек би, Бөгенбай батыр, Жамбыл, Шевченко, Құрманғазы, Сәтбаев атындағы көшелермен қиылысады. Бұрынғы атауы - Лепсі (Лепсинская) көшесі. Көшенің ұзындығы - **6050 метр**.
- Көше бойында Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ғимараты, Алматы қаласы Әкімдігі, «Универсам», «Алтын» «Гаухар», «Мұхит», «Рамстор» сауда орталықтары орналасқан.

Фурманов деген кім?

Дмитрий Андреевич Фурманов — орыс жазушысы.

Шаруа отбасында дүниеге келген. 1912—1914 ж. Мәскеу университетінің филология факультетінде оқыды. 1-дүниежүзілік соғысқа қатысып, Ақпан революциясынан кейін кеңес өкіметі жағына шықты. 1919—1921 ж. Азамат соғысы майдандарында (Чапаев дивизиясының комиссары, Түркістан майданы саяси басқармасының бастығы, т.б.) болды. Түркістан майданы саяси басқармасының Жетісудағы уәкілі болған кезінде Алматы қаласындағы ақ казактардың 1920 ж. 11 — 12 шілдеде жасаған кеңес өкіметіне қарсы бүлігін, кейіннен Кубаньға түсірілген врангельдік десантты талқандауды басқарды. 1924 ж. Мәскеу мемл. ун-тінің қоғамдық ғылымдар ф-тін бітірген. 1924—1925 ж. пролетарлық жазушылардың Мәскеу қауымдастығының (МАПП) хатшысы болды. Шығармалары 1912 жылдан бастап жариялана бастаған. Неғұрлым белгілі шығармалары: “Қызыл десант” (1922), “Он сегізінші жылы” (1923) және “Бүлік” (1925) повестері, М.В. Фрунзе жөніндегі очерктер топтамасы, т.б. Ф-тың “Чапаев” романы бойынша “Чапаев” (1934) кинофильмі түсірілді. Жетісудағы Азамат соғысы жөнінде “Бүлік” повесі мен романын жазды. Осы повесі мен пьесасы, “Чапаев” романы ХХ ғасырдың 30-жылдарында қазақ тіліне аударылды.



Фурманов көшесінің өткені





Фурманов көшесінің бүгіні







Көшенің тарихи атауын қалпына келтіру туралы ұсыныс:



Тарихқа көз жүгіртсек, жоғалтқанымыз жетерлік. Алайда, еліміз егемендік алып, оң-солымызды танығалы бері бүгінгі күнді баянды етудің қамында жүрміз. Ұлттық санамыз оянды, мәдени һәм рухани жауһарларымыз қайта жаңғырды. Әлеумет әл-ауқатын арттырды. Мемлекетіміз әлемнің саяси сахнасынан ойып орын алды. Десек те әтеген-ай дейтін дүниелер де жоқ емес.

Алматыда атауы өзгермеген көшенінің бірі һәм бірегейі – Фурманов көшесі. Халық арасында бұл көшенің атауы неге өзгермегенін әлі күнге түсіне алмай жүргендер көп. Лениннен бастап, Виноградов, Калинин секілді көшелер қазақшаланғанда бұл көшенің көзге ілінбегені қалай? Ресми деректерге сүйенсек, бұл көшеге орыс жазушысы, Чапаевтың 25-атқыштар дивизиясының комиссары Дмитрий Андреевич Фурмановтың есімі 1956 жылы берілген екен. Арада тура алпыс жыл өтсе де, өңін өзгертпейтініне таң қаласың.

Фурманов көшесінің тарихи атауын қалпына келтіретін кез-келген секілді. Сондықтан Фурманов көшесіне Лепсі атауын беру керек. Қай жағынан алып қарсақ та бәріміз үшін бұл көшенің қазақшаланғаны дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алматы көшелері. Анықтамалық энциклопедия. – Алматы: “ИП Волошин” баспасы, 2009